

АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«КӘРІМ МЫҢБАЕВ АТЫНДАҒЫ
№59 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ
«ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №59 ИМЕНИ
КӘРІМА МЫҢБАЕВА»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«10» ақпан 2025 ж
Астана қаласы

№ 27
город Астана

**Заңсыз ақша жинауға
тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабына сәйкес; «Астана қаласы Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 07-ақпан 2025 жылдың № 243 бұйрығы негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп қызметкерлері және сынып жетекшілер:

1) Ата-аналардан (заңды өкілдерден) мыналар: жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, сыйлықтар беруге, әртүрлі мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақша жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;

2) педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша, педагогикалық кеңесте, ата-аналар жиналыстарында түсініктеме жұмыстар жүргізіліп, хаттамалар толтырылсын.

3) заңсыз ақша жинауға жол берген мектеп қызметкерлеріне, директор орынбасарларына, сынып жетекшілерге, пән мұғалімдеріне шара қолданылсын;

2. Осы бұйрық орындалмаған жағдайда қатаң тәртіптік шаралар қолданылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Г. Султанова